

Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 наурыздағы N 378

Ғылыми зерттеулерді кеңейтіп, тереңдету және оның нәтижелерін агроөнеркәсіп кешені салаларына тиімді енгізу, республиканың Шығыс аймағының ғылыми потенциалын барынша ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы, Қазақ майлы дақылдар тәжірибе станциясы, Қазақ омарта шаруашылығы тәжірибе станциясы, Зырянов мемлекеттік селекция станциясы, Қазақ мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-зерттеу мал дәрігерлігі станциясы негізінде - Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру жөнінде (Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Опытное поле поселкесі) Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты қызметінің мынадай бағыттары белгіленсін: жер істері, дәнді, дәнді-бұршақты, жармалық, майлы және жемдік дақылдар селекциясы мен өсіру технологиясы мүйізді ірі қараның қой мен жылқының қолда барын жетілдіру және жаңа тұқымдарын, түрлерін, жүйелерін жасау, ара селекциясы мен омарта шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы.

3. Аталған институтты ұстау Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарына көзделген бюджеттік қаржылары шегінде жүзеге асырылсын.

4. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының Президиумы Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесе отырып екі ай ішінде Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрылымын белгілесін.

5. Жаңадан құрылған институт құрамында мыналар:

Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы мен Қазақ омарта шаруашылығы тәжірибе станциясының негізінде "Шығыс Қазақстан" тәжірибе шаруашылығы;

Қазақ майлы дақылдар тәжірибе станциясының негізінде майлы дақылдар тәжірибе шаруашылығы;

Зырянов мемлекеттік селекция станциясының негізінде "Зырянов" тәжірибе шаруашылығы құрылсын.

6. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.04.

№ 485 қаулысымен. Р970485_

7. Мыналар:

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің "Республиканың ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу мекемелердің жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 1956 жылғы 21 тамыздағы № 501 қаулысына № 5 қосымшаның Қазақ омарта шаруашылығы тәжірибе станциясының штаттық құрылымы мен Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының құрылымын бекіту бөлігінің;

"Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясын ұйымдастыру мәселелері" жөніндегі Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 17 сәуірдегі № 240 қаулысына (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., № 11, 73-бап) № 2 қосымшаның Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының құрамына кіретін ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың, тәжірибе шаруашылықтары мен совхоздардың Тізбесіне Қазақ мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу институтының Шығыс Қазақстан мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу станциясын (Өскемен қаласы), Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясын, Зырянов мемлекеттік селекция станциясы (Шығыс Қазақстан облысы) және Қазақ омарта шаруашылығы тәжірибе станциясын (Шығыс Қазақстан облысы) енгізу бөлігінің;

"Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының ғылыми-зерттеу мекемелерін қайта құру және атауларын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 сәуірдегі № 315 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., № 14, 241-бап) № 2 қосымшаның В.С.Пустовойт атындағы Бүкілодақтық майлы дақылдар ғылыми-зерттеу институтының Қазақ майлы дақылдар тәжірибе станциясын Қазақ майлы дақылдар тәжірибе станциясы етіп (Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының атаулары қайта өзгертілетін ғылыми-зерттеу мекемелері Тізбесінің 2 бағанының екінші абзацы) қайта өзгерту бөлігінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК